

6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға арналған Камзина Гүлім Оразбаевнаның: «Шығыс Қазақстан облысының күмді топырақтарында минералды тыңайтқыштарды қолдануға байланысты ерекшөптің өнімділігі мен жемдік сапасы», тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Ізденушіге жалпы сипаттама

Гүлім Оразбайқызы Камзина, 2014 жылы «Агрономия» мамандығы бойынша «Шекерім» атындағы Семей мемлекеттік университетті, 2016 жылы магистратураны бітіріп, 2018 жылы 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша докторантурасында түсіп, ерекшөптің өнімділігін арттыру және тұқым сапасын жақсарту үшін минералды тыңайтқыштарды қолдану мәселелерін өзірлеумен айналысада.

Казіргі кезде Гүлім Оразбайқызы «Шекерім» атындағы Семей мемлекеттік университеттің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» кафедрасында оқытушы қызметін атқарады.

Оку және жұмыс барысында, ол өзін алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін табанды жұмыс істей алғатын жауапты зерттеуші ретінде көрсете білді.

Гүлім Оразбайқызының адамгершілік қасиетіне тоқталатын болсақ, ол жақсы жар, ардақты ана, жолдасы Ерлан екеуі үш баланы тәрбиелеп өсіріп жатыр.

Диссертация тақырыбының өзектілігі, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы

Гүлім Оразбайқызы Камзинаның диссертациясы отандық теория мен практика үшін жемшөп өндіру ресурстарының тиімділігі мен пайдаланылуын арттырумен байланысты өзекті мәселелерді шешуге арналған. Диссертацияда ұсынылған онтайлы себу тәсілін және себу нормасын анықтаудың әдістемелік аспектілері, минералды тыңайтқыштарды қолданудың онтайлы нормаларын негіздеу ғылыми жаңалыққа ие, ал ізденуші ұсынған негізгі ережелер мен тұжырымдар нақты ұсыныстар деңгейіне жеткізіледі, олар Шығыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында егіншілік жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар ғылыми есептерінде көрсетілген және Абай облысы, Бесқарағай ауданы, «Лана» шаруа қожалығы үшін нақты әдістемелік ұсыныстарды өзірлеу кезінде қолданылған.

Зерттеу мақсатына жету дәрежесін бағалау

Гүлім Оразбайқызы отандық және шетелдік жұмыстар мен зерттеу әдістері салыстырмалы талқыланатын семинарлар мен конференцияларға қатысып тұрады. Г.О. Камзина халықаралық тәжірибелі зерттеу бойынша одан әрі ғылыми өсуіне ықпал еткен Болгарияның «Пловдив» қаласындағы Аграрлық университетінде мал азықтық дақылдар тағылымдамасынан өтті.

Зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда талқыланып, 6 басылымда, оның ішінде КРҒЖБМ (ККСООН) ұсынған басылымдарда – 3, SCOPUS деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда – 1, Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 1 және 1 патентте көрсетілген.

Ізденушінің алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі

Докторант Гүлім Оразбайқызы Камзина оқыту және зерттеу жүргізу барысында ғылыми әдебиеттерді талдап, зертханалық және далалық ғылыми зерттеулер жүргізді.

Автордың өзі жемшөп өндіру ресурстарының тиімділігін анықтауда колданылатын әдістерге талдау жүргізіп, осы тақырып үшін егудің онтайлы тәсілін анықтаудың әдістемелік аспектілері, тұқым себу нормалары және минералды тыңайтқыштарды енгізу нормаларының маңызды аспектілерін анықтап, қызметтің функционалдық бағыттары бойынша жемшөп шаруашылығы саласындағы осы көрсеткіштердің динамикасына талдау жүргізіп, ерекешөп өсіру әдістеріне экономикалық баға берді.

Ізденуші бастапқы деректерді жинауға және талдауға, ғылыми зерттеулерге, зерттеу нәтижелерін тұжырымдауға, орындалған жұмыс бойынша негізгі жарияланымдарды дайындауға тікелей қатысты.

Жалпы қорытынды

Гүлім Оразбайқызы жұмыс барысында диссертацияда қарастырылған мәселе бойынша әдеби деректерге талдау жүргізіп, зерттеу міндеттерінде қарастырылған эксперименттік әдістерді игерді. Оған енбеккорлық, адалдық және жауапкершілік сияқты қасиеттер тән.

Г. О. Камзинаның диссертациясы ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған аяқталған ғылыми-біліктілік дербес жұмыс болып табылады. Ізденушінің жеке қасиеттері, оның ғылыми зерттеу саласындағы құзыреттілігі, диссертацияның теориялық және практикалық маңыздылығы, автордың алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі Камзина Гүлім Оразбайқызы 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін беру талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін.

Ғылыми жетекшісі: б.ғ.д.,
«Агрономия, селекция
және биотехнология»
кафедрасының профессоры

С.Е. Сулейменова

РАСТАЙМЫН

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университетінің ғылыми консультанты
Дәссең «04» 05 2014 ж.